

**6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін Байгапанова Айгуль Болатовнаның  
«Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту  
әдістемесі (1939-1997жж)» тақырыбында дайындалған диссертациясына**

## **ШҚІР**

Қазақстан егемен ел ретінде тәуелсіз өркениетті даму жолына түсіп, барлық ұлттық-рухани байлығымызды қайта жаңғыртқан тұста, елдің өткен тарихын жаңаша зерделеуге мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта казак халқы ұлттық жаңғыруға бағыт ұстап, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып отырған шақта тарихымызды қайта ой елегінен өткізу арқылы жан-жақты зерттеу және еліміздің өзіндік төл тарихын зерделеу негізгі мәселелер қатырында екені белгілі.

Аталған диссертация тақырыбының өзектілігі біріншіден, еліміздің шығыс өңіріндегі мол тарихы бар шежірелі Семей облысының құрылу тарихы, даму кезеңдері, соғыс жылдарындағы халқының басынан өткен ауыртпалықтары мен қайшылықты кезеңдерін зерттеу өзекті мәселенің бірі болып табылады. Екіншіден, қазіргі кезеңдегі Абай облысының экономикасын дамыту, елдің әлеуметтік күрделі проблемаларды шешу басты міндеттердің бірі болып табылады. Сондықтан Семей облысының әлеуметтік - экономикалық даму тарихын және қарапайым еңбек адамдарының қажырлы еңбегі мен олардың әлеуметтік тұрмысын зерделеу аталған еңбектің маңыздылығын арттыра түседі.

Жұмыстың кіріспе бөлімінде кеңестік кезеңде жарық көрген еңбектерге объективті баға берілген: оларда әлеуметтік-экономикалық саласындағы жетістіктерді асыра бағалау, кейбір жекелеген еңбектерде оның тек келеңсіз жақтарын көрсетумен шектелгендігін объективті себептермен ашқан.

Еңбекте еліміздегі экономикалық саясаттың дамуына байланысты қабылданған ресми деректерге сүйене отырып, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық саласында қалам тартып зерттеген тарихшы ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынып, жаңа көзқараста баға берілген. Кейінгі тәуелсіздік кезеңде жарық көрген зерттеу еңбектері, өткенді теориялық тұрғыдан талдауда кеңінен пайдаланылды. Ел экономикасының өткені бүгінгі күн көзімен талданып, кезінде жүргізілген реформалар барысына кеңінен талдау жасалып, практикалық ұсыныстар айтылған.

1939-1997 жылдары халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету өткір проблемалардың бірі болды. Міне осындай бағытта еліміздің әлеуметтік саласында жүргізілген реформалар нәтижесі, халықтың әлеуметтік



жағдайының құлдырауы, жаңа әлеуметтік жүйенің қалыптасуы және ауыл шаруашылығы саласын басқаруда жүргізілген қайта құрулардың мәні мен сипатына талдау жасалынған.

Еңбекте республика тарихнамасында 1939-1997 жылдардағы Семей облысының әлеуметтік – экономикалық өмірінде орын алған өзгерістер бір жүйеге келтіріліп, жаңа теориялық көзқарас тұрғысынан зерттеліп отыр. Зерттеуде Қазақстандағы экономикалық саясат пен қатынастар ұғымдары біртұтас проблемалар ретінде Семей облысындағы өнеркәсіп орындары мен ауыл шаруашылығының экстенсивті жолмен өркендеу проблемасының теориялық-методологиялық негіздері жан-жақты, терең талданған. Диссертацияның мазмұнынан туындайтын ұсыныстар мен пікірлер, тақырыптың ғылыми жақтары қазіргі әлеуметтік-экономикалық саладағы келелі өзгерістер негізінде тұжырымдалған. Проблеманы зерттеу барысында соңғы кезге дейін ғылыми айналымға енген мұрағат деректері арқылы әлеуметтік-экономикалық саланы басқаруда жүргізілген реформалардың мазмұны мен мәні зерттелген.

Сонымен қатар, зерттеудің үшінші бөлімінде тарихи білім берудің өзекті проблемаларына жан-жақты тоқталған. Зерттеу жұмысының ғылыми тәжірибелік маңызы сол, зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары жоғарғы оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнін оқытуда және аймақ тарихына қатысты мәселелерге байланысты арнайы курстарды жүргізу барысында пайдасы зор.

Дегенмен еңбектің ғылыми маңызына тоқтала отырып, төмендегідей ескертулер жасаған жөн деп санаймыз.

1 Кеңестік дәуірде жүргізілген экономикалық қайта құрулардың табыстарымен қатар, қарама-қайшылықтары және салдарлары салыстырмалы түрде қарастырылса дұрыс болар еді.

2 Диссертация мәтінінде кейбір қателіктер кездеседі.

Айтылған ескертпе ізденуші қол жеткізген нәтижелер құндылығын төмендетпейді деп есептеймін. Диссертанттың ойының нақтылығы және айтылған ғылыми пікірлердің деректік негізделуі, сонымен қатар қорғауға шығарылған ой желілерін сұрыптауда қазіргі тарих ғылымы саласындағы зерттеулердің тың дәстүрлердің тиімді қолдануы жұмыстың мазмұнының арттыра түскен.

Сондықтан ғылыми ізденістің маңыздылығын атай келе, Байгапанова Айгуль Болатқызының «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997 жж.)» атты диссертациясын толық аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы ретінде қорғауға лайық деп санаймын.



Қорыта айтқанда, Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997жж)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы дербес, бірегей және толық аяқталған жұмыс болып есептеледі. Диссертациялық зерттеу жұмысы «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» қойылатын талаптарына сай келеді. Докторант А.Б. Байгапанова 6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық болып табылады.

Ғылыми кеңесші:  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ  
Тарих және география кафедрасының  
меңгерушісі, тарихы ғылымдарының  
кандидаты

Болатова К.Б.

05 қыркүйек 2023 ж

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись
<i>К.Б. Болатова</i>
КАДР БӨЛІМІ
• 05 • 09 2023 ж.л.

инженер О.Н.Н.



Болатова К.Б.